## Ауданың 95 жылдығына

# Өмірін ұстаздық жолына арнаған дара тұлға



***Биыл берекелі де мерекелі, қойнауы астық пен алтынға толы сүйікті өлкеміз Жітіқара ауданының 95-жылдық мерейтойын атап өтудеміз. Осы санаулы жылдар ішінде өңіріміз талай асулардан асып, көптеген жетістіктерге жетті. Әрине, бұл сындарлы саясатымыз бен ел арасындағы ауыз біршіліктің жемісі. Іскерлігімен елге танылып, көпшіліктің ыстық ілтипатына бөленіп жүрген туған жерден түлеп ұшқан азаматтар аз емес. Міне, осындай жанның бірі, жерлесіміз Джандырова Жанылсын Бекмұратқызы. Атақ пен даңқты жаны сүймейтін қарапайым тұлғаның әрбір ісі ілкімді, пайымпарасатына жан сүйсінеді. Әсілінде, адамның адамшылығы– мейірімі мен көңіл шуағының өзінен артылып, өзгеге сәулесін түсіруінде, ары мен жанын ізгілікке толтыра білуінде сияқты. Міне, туған жеріне ғана емес, тұтас қазаққа қамқорлық жасауда қарым-қабілетін жұмсап келе жатқан Жаңылсын апамызбен сұқбат құрудың сәті түскен болатын.***

**– Жаңылсын апа, әуелгі сөзді өмір-өзеніңіздің бастау бұлағынан тарқатсақ...**

– Мен осы киелі мекен Жітіқара қаласында қарапайым отбасында дүниеге келдім. Әкеміз 1942 жылы Ұлы Отан соғысына аттанғаннан бері із-түссіз қайтып оралмады. Ең өкініштісі мен әкемді көрмедім де. Аяулы анамыз жалғыз өзі төрт баланы асырап, қатардан қалдырмай өсірді, оқытты, жеткізді. Өзім осы қаламыздағы №2 М.Шожанов атындағы қазақ мектебін тәмамдадым. Кейін 1955 жылы Қызылорда облысындағы Н.В. Гоголь атындағы мемлекеттік педогогикалық институтқа түсіп физика-математика факультетін аяқтап шықтым. Дипломымды қолыма ала сала туған қалама оралып, түлеп ұшқан алтын ұйям №2 қазақ мектебіне жұмысқа орналастым. Алғашқы жылдары пионер жетекші болып қызмет еттім. Бұл да менің еңбек жолымдағы орны толмас мол тәжірбие болды. Міне содан бері зейнетке шыққанға дейін 37 жыл бойы мамандығым бойынша ұстаздық қызмет атқардым. Жолдасым Ғазез Хамзаұлымен 1962 шаңырақ көтеріп, отау құрдық. Марқұм жолдасым Ғазез көп жылдар бойы мамандығы бойынша геология саласында қызмет етті. Екі ұл, үш қызды тәрбиелеп, ер жеткіздік. Ұлдарымызды ұяға, қыздарымызды қияға қондырдық. Барлығы дерлік жоғары маман иелері. Бүгінгі таңда бірі дәрігер, бірі мемелекеттік қызметте әр сала бойынша бәрі де адал қызметтерін атқаруда. Аллаға шүкір қазір жеті немере мен екі шөбере сүйіп, ардақты әже атанып отырмын. Бір сөзбен айтқанда жылдар бойы жасаған жұмысымның жемісін көріп отырған жайым бар.

**– Жалпы жүріп өткен жолыңыздың 37 жылын ұстаздық қызметке арнадыңыз. Бір адамның ғұмырындай уақыт. Сіз үшін аталмыш сала несімен ерекше?**

– Мен үшін ұстаздық қызмет екі түрге бөлінеді. Бірі – Кеңес Одағының тұсындағы, екіншісі – Тәуелсіздік алған жылдан бергі аралық. Қызметке келген бастан-ақ қоғамдық іс-шараларға белсене ат салыса бастадым. Негізі бұл да бір сол кездегі заман талабы, отан сүйгіштік қасиеттін жоғары болуының себебі шығар, еш жерден бір тиын алмастан қоғамдық жұмыстарды атқардық. Сол 80-жылдары қаламыздағы жалғыз №2 қазақ мектебінің мәртебесін көтеру үшін талай тер төгілді. Шожанов Мұса ағамыздың жетекшілігмен әрдайым қазақ мектебінің жағдайы мен мәселесін көтеріп шырылдап, оқушыларымызға лайықты тәлім мен тәрбие беріп , тыңғылықты жұмыс атқардық. Ауданымыздағы орыс тілді мектептердің ортасынан бөлініп шығу да оңай бола қойған жоқ. Қажырлы еңбек пен нақты жұмысты талап етті. Ешкімнен кем қалмайық деп күні-түні облыстық коркемөнерпаздар шығармашылық байқауына дайындалып облыс бойынша топты жарып 1-орынға иелендік. Содан Республикалық байқауға жолдау алып, жүлдемен елге оралдық. Дәл сол кезде қуанышымыз қойнымызға сыймады. Қазір сол сәттерді еске жиі түсіремін. Сол кездегі ұстаздар мен оқушылардың бір-біріне деген қарым-қатынасы, сыйластығы, тәртіптілігі мен жігерлігі ерекше еді. «Заманына адамы сай»- деген ұғым да рас шығар бәлкім....

**- Сұхбат барасында байқағаным сіз өміріңізді осы ұстаздық өмір мен қоғамдық белсенділікке арнаған, қызметіне адал жан болған екенсіз. Осы жылдар бойы жеткен жетістіктеріңіз бен иеленген марапаттарыңыз да аз емес шығар.**

- Мен үшін өмірімде мақсат белгілі бір мәртебе мен марапатқа ие болу емес еді. Өзіміздің қара көз қазақ балаларына лайықты білім мен тәрбие беріп, оларды ел азаматтары етіп шығару әрдайым алдыңғы орында тұратын. Күн демей түн демей қызметте жүрген сәттер де болды. Марқұм жолдасым кейде «Саған сол мектепке төсек апарып берейін, қона сал»- деп әзілдейтін. Бізге жүктелген міндетті тиянақты орындап шығу мақсатымыз болды. Көп жылдар бойы атқарған жұмысым бойынша «КСР Ағарту ісінің үздігі», «Қазақ КСР Ағарту ісінің үздігі», «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы», «Ауданның құрметті азаматы» атағы мен марапаттарына ие болдым. Бірақ мен үшін әрдайым ең үлкен жетістігім мен мақтанышым ол №2 қазақ мектебінің ірге тасының қалануындағы жолында атқарылған жұмысым мен еңбек еткен ортамдағы абыройым болып қала береді.

**– Жоғарыда атап өткендей биыл ауданымыздың 95 жылдығы. Осы айтулы мереке аясында аудан жұртышылығы мен сүйікті өлкемізге өзіңіздің жүрек жарды ақ тілегіңізді айтып өтсеңіз.**

Әрбір адам баласы үшін өзінің кіндік қаны тамған туған мекенінен артық ешбір жер жоқ. Мен осы жерде туып өстіп, ер жеттім, өмірімді арнадым. Шыны керек 85-ті арқаласам да әлі күнге дейін ескі әдетпен қоғамдық іс-шараларға араласудамын. Мені құрметтеп әрдайым жиындарға, үлкен іс-шараларға ұмытпай шақырып ақылымды тыңдап, менен үлгі алып отырған ел азаматтарына алғысым шексіз. Бүгінгі күні Жітіқарамыз біршама көркейіп өсті, жетістікке жетті десем артық айтпағаным емес. Себебі өздеріңіз куә болып отырғандай қалымызда жылдан жылға жаңа ғимараттар бой көтеруде, көптеген спорттық алаңдар пайда болуда. 95-жылда Жітіқарамыз біраз жетістіктерге қол жеткізді әлі де асар асулары мен жетер жетістіктері мол. Халқымыз тату тәтті өмір сүріп, елімізде тек қана бейбітшілік болсын. Қаламыздың гүлденуі мен өсуіне үлес қосып келе жатқан азаматарға да айтар алғысым шексіз. Баршаңызды қаламыздың туған күнімен құттықтаймын! Біздің қаламыз күн сайын гүлденіп, қарқынды түрде дами берсін! Қаламыз өсіп-өркендеп, дамып, тұрғындардың жүрегінде ерекше орын ала берсін!

**– Еркін әңгімеңізге рақмет!**

**Д. Хайрат**

## Городские зарисовки

# А У НАС ВО ДВОРЕ...



*Мой теплый город в*
*переливах света,*
*И в зелени, и в звездах,*
*и в огнях.*
*Я так люблю, когда встают*
*рассветы*
*На улицах твоих и*
*площадях…*

Мы все любим наш город…

Сегодня расскажем, как живется жильцам дома № 9 11 микрорайона.

Особенно многолюдно около дома вечером. Здесь собираются дети разных возрастов, их родители, пенсионеры и молодежь.

Перед домом большая детская площадка, на которой имеется все для проведения интересного досуга и занятия спортивными упражнениями. Есть и беседка, излюбленное место молодежи и людей постарше.

К большой радости детворы совсем недавно детская площадка обновилась. На ней установили новую горку и красивые качели.

Очень часто на площадке собирается группа девочек, которые своими удивительными танцами привлекают внимание отдыхающих. Веселая ритмичная музыка разносится по всему двору, и сюда устремляются дети соседних дворов.

Кто же эти веселые танцовщицы?

Это обучающиеся школы № 3. Адия Касенова - ученица 4 класса, мечтает о профессии врача. Ее сестра Айлана будет учиться в 5 классе. Она хочет освоить профессию повара.

Мирослава Щерба перешла в 4 класс. Мечтает стать поваром - кондитером.

Виктории Виноградовой нравится профессия учителя.

А самая младшая из девочек, Аида Исмурзина (к сожалению, ее нет на фото), - второклассница. Она уверенно заявляет, что будет работать судебным исполнителем.

Пусть все мечты этих веселых девочек исполнятся!

А, может быть, кому-то из них покорится большая сцена!

**Мария КАЛИНИНА.**

# Уважаемые жители Костанайской области!

**С 3 сентября 2023 года АО «Пассажирские перевозки» по многочисленным просьбам жителей Житикаринского района запускает новое железнодорожное пассажирское сообщение «Житикара–Астана».**



Беспересадочные вагоны по направлению «Житикара–Астана» рассчитаны на 104 места и будут курсировать периодичностью через день: отправление по четным дням из Житикары в 18:14, прибытие в столицу по нечетным дням в 12:46. Обратное отправление по нечетным дням с вокзала Нурлы жол в 19:40, прибытие по четным дням на станцию «Житикара» в 15:56. Маршрут поезда будет проходить через Костанай и Кокшетау. Билеты уже в продаже. Их можно приобрести на официальном сайте «Қазақстан темір жолы», Авиата kz, Kaspi kz и других сайта.

## БЛАГОДАРНОСТЬ

12. 08. 23 состоялось прощание с жителем поселка Забеловка **КОСТЕНКО ВЛАДИМИРОМ ЯКОВЛЕВИЧЕМ,** ушедшим из жизни 09. 08. 23. Выражаем огромную благодарность всем, кто принял участие в организации и проведении похорон и поминального обеда. Особо хотим поблагодарить бывшего ученика Владимира Яковлевича Орынбекова Дюсембая, который взял основную нагрузку по организации. Большое спасибо Зинаиде Ребровой, без участия которой обед мог бы и не состояться. Также спасибо Любови Ребровой за помощь на обеде. Очень хочется отметить Пимкину Лилию, Тур Ольгу, Чигареву Надежду, Видеман Галину и поблагодарить за очень вкусно приготовленные блюда на поминальный обед. Без участия и помощи Испулова Хасена не все желающие смогли бы проводить умершего в последний путь на кладбище. Спасибо всем, кто пришел на прощание!!!

Еще раз всем СПАСИБО от всего сердца и низкий поклон!

***Родственники усопшего.***

# Поправка

В прошлом номере газеты № 32 от 17 августа в статье «Об ответственном обращении с животными» пропущена подпись руководителя КГП «Ветеринарная станция Житикаринского района» С. Ж. Сарымсакова.